

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ
САЛУДЫ АВТОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

**АВТОРСКИЙ НАДЗОР ЗА СТРОИТЕЛЬСТВОМ
ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2. ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1 шілдеден бастап, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Комитеті төрағасының 2016 жылғы 15 қыркүйектегі №110-НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістермен

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно–коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года, с внесенными изменениями приказом председателя Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 15 сентября 2016 года №110-НҚ

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ.....	IV
1	ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	2
3	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
5	АВТОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ	4
5.1	Келісім және шарттық қарым-қатынас.....	4
5.2	Жұмыстардың көлемі, бағасы және төленуі.....	5
5.3	Авторлық қадағалау тобы, оның қызметі және құжаттамалық қамтамасыз етілуі.....	7
5.4	Авторлық қадағалау журналы және оны жүргізу тәртібі.....	9
5.5	Авторлық қадағалау тобы мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігі.....	10
	А ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Авторлық қадағалау жұмыстарының жоспар-кестесі.....	18
	Б ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Кесте – авторлық қадағалау жұмыстарының сметалық құны.....	19
	В ҚОСЫМШАСЫ (<i>ақпараттық</i>) Авторлық қадағалауды өткізуге қажетті негізгі құжаттардың тізбесі	20
	Г ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Авторлық қадағалау журналының нысаны.....	21
	БИБЛИОГРАФИЯ.....	24

КІРІСПЕ

Осы әдістемелік құжаты заңнамалық құжаттардың талаптарын, сонымен бірге Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптары мен ережелерін жүзеге асыру шеңберінде әзірленді.

Әдістемелік құжаты құрылыс нысандарының жобалық шешімдерін жүзеге асыруға және сапасын арттыруға, сонымен бірге олардың қауіпсіздігін және сенімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Басшылық құжат жаңадан құрылысы салынатын, қайта құралымданатын, жөнделетін және қалпына келтірілетін қолданыстағы ғимараттар мен имараттарға авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін белгілейді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ САЛУДЫ АВТОРЛЫҚ
ҚАДАҒАЛАУ**

АВТОРСКИЙ НАДЗОР ЗА СТРОИТЕЛЬСТВОМ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ

Енгізілген күні **2015-07-01**

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы әдістемелік құжаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңының талаптарын, сонымен бірге Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы қолданыстағы заңнамалық, нормативтік-құқықтық актілерін жүзеге асыру мақсатымен әзірленді.

1.2 Әдістемелік құжаты жобаны әзірлеушілерінің меншік иесіне және итаралық бағыныштылығына қарамастан, жаңадан құрылысы салынатын, жаңғыртылатын, техникалық қайта жабдықталатын, қайта құралымданатын, күрделі жөнделетін және қалпына келтірілетін қолданыстағы ғимараттардың, имараттардың және олардың кешендерінің, соның ішінде, нысандар аумақтарын абаттандыруды қосқандағы инженерлік инфрақұрылымдардың және коммуникациялардың (электрмен, сумен, газбен, жылумен жабдықтау желілері мен кәріздер, автоматизация, телекоммуникация, күзету-өрт сөндіру жүйелерінің, дыбыстық-техникалық жүйелердің нысандары ж.т.б.) мен құрылысына авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін белгілейді.

1.3 Осы әдістемелік құжатының қағидалары:

- жеке тұлғалардың жекелей пайдалануына арналған жеке тұрғын үйлер мен өзге техникалық күрделі емес имараттардың құрылысына, бұған жоғары сейсмикалық қаупі бар аумақтарда немесе нысан құрылысына арнайы шешімдер мен шараларды талап ететін ерекше инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және табиғи-климаттық жағдайлары бар аумақтардағы құрылысқа;

- үй іргесіндегі телімдерде немесе бау-бақша серіктестіктерінің телімдерінде орналасқан уақытша имараттар құрылысына, сонымен бірге маусымдық жұмыстар мен отарлы мал шаруашылығына арналған тұрғын және шаруашылық-тұрмыстық орынжайлар құрылысына;

- қолданыстағы ғимараттар мен имараттардың орынжайларының (жекелеген бөліктерінің) көтергіш және қоршау құралымдарының, инженерлік жүйелер мен жабдықтардың өзгертілуіне қатысы жоқ, сонымен бірге орынжайлардың (нысандардың) функционалдық мақсатын өзгертуге жетелемейтін қайта құралымдауға (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) таралмайды.

1.4 Осы нормативтік құжат ҚН 1.03-00 және Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің міндетті талаптарын орындауға бағытталған ережелер жиынтығын регламенттейді.

Ресми басылым

1.5 Нысандар құрылысына қадағалау ұйымдастырып жүргізуге қажетті, бірақ бұл құжатпен реттелмейтін ережелер басқа қолданыстағы нормативтік құжаттармен немесе арнайы техникалық жағдайлармен реттелуі керек.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы құжатты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Жылы белгіленген сілтемелер үшін нормативтік құжаттың берілген басылымын ғана қолданады, жылы белгіленбеген сілтемелер үшін сілтемелі нормативтік құжаттың соңғы басылымын қолданады (оның барлық өзгерістерін қосқанда):

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16-қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17-қарашадағы №1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті;

ҚР ҚН 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен имараттар құрылысын салуды ұйымдастыру;

ҚР ЕЖ 1.02-108-2014 Жеке тұрғын үйлердің құрылысына жобалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту мен құрамының тәртібі.

Ескертпе – Осы құжатты пайдалану кезінде сілтемелі нормативтік құжаттардың жыл сайын жарық көретін, ағымдағы жылғы жағдайға байланысты және ай сайын басылып шығатын, осы жылғы «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі» атты тиісті ақпараттық анықтамалық бойынша тексерген абзал. Егер сілтемелі құжат алмастырылса (өзгертілсе), онда осы нормаларды пайдаланған кезде алмастырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелі нормативтік-техникалық құжат алмастырусыз тізімнен алып тасталынса, онда сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігінде қолданылады

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Осы әдістемелік құжатында тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

3.1.1 **Жоспар-кесте:** Авторлық қадағалау шартына қосымша ретінде тіркелетін және құрамына авторлық қадағалау бойынша орындалатын жұмыстардың кезеңдері, мерзімдері мен құны кіретін міндетті құжат.

3.1.2 **Өкімші құжат:** Нысан құрылыстарына авторлық қадағалау жүргізуге шығарылатын құжат.

3.2 3.1-т. берілген терминдерден басқа, сонымен бірге осы құжатта Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында қабылданған құрылыстық терминология пайдаланылады [1,2].

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Ғимараттар мен имараттар құрылысын авторлық қадағалаудың жүзеге асырылу мақсаты:

- жобаларда, соның ішінде осы нысандардың жұмыс жобаларында белгіленген шешімдер мен көрсеткіштерге құрылыстық нысандардың (пайдалануға берілген) сәулеттік-құрылыстық, технологиялық, басқа техникалық шешімдер мен техника-экономикалық көрсеткіштерінің сәйкестігін қамтамасыз ету үшін;

- жобаларды әзірлеушілер, тапсырыс берушілер мен мердігерлік құрылыстық-жинақтау ұйымдарының тұрғызылатын немесе қайта құралымданатын ғимараттар мен имараттардың сапасы, сенімділігі және төзімділігі үшін жауапкершілікті арттыру үшін.

4.2 Авторлық қадағалау тапсырыс берушінің де, жобаны әзірлеушінің де меншік иесіне қарамастан өткізіледі.

4.3 Барлық жауапкершілік деңгейіндегі [3,4] нысандар құрылысына авторлық қадағалауды жобаның авторы (әзірлеушісі) немесе аталған қызмет түріне [5] куәлігі (аттестат) бар және жобаны әзірлеуге қатысқан сарапшылар жүргізеді.

4.4 Егер 4.2-т. және 4.3-т. ережелерін орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, жобаның авторы, жобаға тапсырыс берушінің таңдауы бойынша, мамандандырылған жобалау ұйымдарына немесе бұрын жобаны әзірлеуге қатыспаған сарапшыларға (тиісті куәліктері бар) авторлық қадағалау құқығын бере алады.

4.5 Типтік және қайта қолданылатын жеке жобалар бойынша ғимараттар мен имараттар құрылысына авторлық қадағалауды жүргізу аталған жобаларды бұрын қолданған бас жобалаушымен (жобалаушымен) жүзеге асырылады. Аталған нысандар бойынша басқа да мамандандырылған жобалау ұйымдары, сонымен қатар тиісті куәліктері бар сарапшылардың авторлық қадағалауды жүргізуге мүмкіндігі бар.

4.6 Ғимараттар мен имараттарға авторлық қадағалауды жүргізу келісімшарт негізінде ұйымдастырылады да жүзеге асырылады.

4.7 Авторлық қадағалау жаңа нысандар құрылысын, қолданыстағы ғимараттар мен имараттар қайта құралымдауды, қалпына келтіруді, кеңейтуді, техникалық қайта жабдықталуды, жаңартуды, күрделі жөндеуді және күшейтуді қамтиды. Сонымен бірге авторлық қадағалаумен дайындықтан бастап нысандарды пайдалануға беруге дейінгі барлық жұмыс кезеңдері қамтылады.

4.8 Құрылыс нысанына жобалық-сметалық құжаттаманың құрамы мен құрылымы ҚР ЕЖ 1.02-108 талаптарына сәйкес болу керек. Авторлық қадағалауды нысанды жобалау барысында – нысан бойынша жобалау және құрылыстық жұмыстар бір уақытта қатар орындалғанда жүргізуге рұқсат етіледі.

5 АВТОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

5.1 Келісім және шарттық қарым-қатынастар

5.1.1 Авторлық қадағалауды жүргізуге келісім шарттық қарым-қатынас тараптарының арақатынасын реттейтін негізгі құжат болып саналады.

Авторлық қадағалауды жүргізуге жеке заңды құжат есебіндегі келісімнің құрамы мен құрылымын қалыптастыруға нысанның бекітілген жобалық-сметалық құжаттамасы (жоба) негіз болады. Әзірленген жоба болмаған жағдайда, атап айтқанда, нысан бойынша құрылыстық және жобалау жұмыстарын қатар орындағанда, авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша нысанның жұмыстар жобалық-сметалық құжаттаманы (жоба) әзірлеу арнаулы «Авторлық қадағалау» бөлімінде қосу арқылы келісімнің құрамына міндетті түрде енгізіледі.

5.1.2 Авторлық қадағалауды жүргізуге жасалған келісімде мыналар белгіленеді:

- шарттық қарым-қатынас тараптарының құқықтары мен міндеттері;
- нысанды бақылауға тартылатын авторлық қадағалау тобындағы мүшелердің саны;
- авторлық қадағалау тобы жұмыстарының кезеңдері мен түрлері, сонымен бірге қадағаланатын нысанға қатынасу жиілігі (тұрақты мекендеу немесе вахтамен бару);
- авторлық қадағалау бойынша жұмыстардың құны, соның ішінде жекелеген кезеңдерін орындау құны;
- ақы төлеу шарттары, және авторлық қадағалау бойынша жұмыстарды бастау және аяқтау мерзімдері.

Келісімде, қалыптасқандай, шарттық қарым-қатынас тараптарының, ұйымдардың толық атауы (жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі), мекен-жайлары, банк реквизиттері және дәлелді заңдылығын қамтамасыз етуге қажетті басқа да мәліметтер көрсетіледі.

5.1.3 Авторлық қадағалауды жүргізуге жасалған келісімнің құрамында қосымшалар болуы мүмкін және қажет болған жағдайда, авторлық қадағалауды жүргізу барысында оған қосымша келісімдер жасалуы мүмкін. Келісімге, әдетте, тіркелетін міндетті қосымшалар мыналар:

- авторлық қадағалау бойынша жұмыстарды атқару жоспар-кестесі;
- құрылыстық нысан бойынша авторлық қадағалау тобының өкілдері қатысқан қабылдауға тиіс жауапты құралымдар мен негізгі жұмыс түрлерінің тізбесі;
- авторлық қадағалауды жүргізуге жұмсалатын шығындар сметасы.

5.1.4 Авторлық қадағалау жүргізу келісімі жобаның тапсырыс берушісі мен оның авторы (әзірлеушісі) – бас жобалаушы (жобалаушы) арасында жасалады. Авторлық қадағалауды жүргізуге келісім жобасын, оның қосымшалары мен қосымша келісімдерін, сонымен бірге жобаның тапсырыс берушісіне ұсынуды бас жобалаушы (жобалаушы) жүзеге асырады.

5.1.5 Қажет болған жағдайда, негізгі келісімнен бөлек жобаның тапсырыс берушісі авторлық қадағалау жүргізу бойынша жобаның арнаулы бөлімінің авторы болып есептелетін басқа жобалаушымен де қосымша шартты жасасуға рұқсат етіледі. Сонымен бірге аталған жобалаушыны авторлық қадағалауға тарту жөніндегі бас жобалаушының (жобалаушының) алдын-ала міндетті келісімі талап етіледі. Қосымша шартпен жекелеген жобаның арнаулы бөлімімен қарастырылған жұмыстар бойынша авторлық қадағалауды жүргізу мәселелері реттеледі.

5.1.6 Бас жобалаушы (жобалаушы) жекелеген жобаның арнаулы бөлімімен қарастырылған жұмыстар бойынша авторлық қадағалауды жүргізуге осы бөлімдердің тікелей әзірлеушілерін (жобалаушыларын) тарту мүмкіндігі бар (бұл бөлімдерді жобаның негізі авторы әзірлемеген жағдайда). Аталған жұмыстар бойынша авторлық қадағалау

жұмыстарын жүргізу бас жобалаушының (жобалаушының) тиісті қосалқы жобалаушымен жасалатын қосалқы мердігерлік келісім негізінде жүзеге асырылады. Авторлық қадағалауды жүргізуге қосалқы келісім жобасын, қосымшаларын және қосымша келісімдерін дайындауды, және бас жобалаушыға (жобалаушыға) ұсынуды қосалқы жобалаушы жүзеге асырады.

5.1.7 Ерекше жағдайларда жекелеген жобаның арнаулы бөлімімен қарастырылған жұмыстар бойынша авторлық қадағалауды жүргізуге бас жобалаушыға (жобалаушыға) аталған жобаны әзірлеуге қатыспаған мамандандырылған жобалау ұйымдарын тартуға (қатыстыруға) рұқсат етіледі. Осындай жеке және заңды тұлғаларды авторлық қадағалауға қатыстыру жобаның тапсырыс берушісінің алдын-ала келісімімен жүзеге асырылады.

5.1.8 Егер авторлық қадағалауды аталған қызмет түріне лицензиясы бар, бірақ жобаны әзірлеуге қатыспаған заңды немесе жеке тұлға жүргізсе, ол жобаның авторымен келісілмеген қандай да болсын өзгерістерді жобаға өздігінен енгізе алмайды. Ерекше жағдайларға жобаның авторы авторлық қадағалауды дәлелденген түрде атқара алмау жағдайлары жатады.

5.1.9 Құрылыстық нысанды екі кезеңге бөліп жобалау кезінде, тапсырыс берушісінің келісімімен жобаның жұмыстық сызбаларын бас жобалаушы (жобалаушы) болып есептелмейтін ұйымға орындауға рұқсат беріледі. Сонымен бірге тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша бас жобалаушы (жобалаушы) жұмыстық сызбалардың жобалық шешімдерге (жобалық жұмыстардың қорытынды кезеңі) сәйкестігін әзірлеу барысындағы қадағалау арқылы немесе дайындық барысындағы келісітіру арқылы қамтамасыз етілетін жұмыстарды ұйымдастырып жүргізеді.

5.2 Жұмыстардың көлемі, бағасы және төленуі

5.2.1 Авторлық қадағалауды жүргізу бойынша жұмыстардың көлемі мен бағасын бас жобалаушы (жобалаушы) - жобаны әзірлеуші:

- авторлық қадағалау жұмысырын орындауға техникалық тапсырманың;
- авторлық қадағалауды жүргізу жоспар-кестесінің (А қосымшасы);
- авторлық қадағалауды жүргізуге жұмсалған шығындар калькуляциясының есебімен белгілейді.

Авторлық қадағалауды жүргізу бойынша негізгі жұмыс түрлері мен кезеңдері авторлық қадағалауды жүргізу келісімшартына қосымша есебінде ұсынылатын жоспар-кестеде көрініс табады. Жоспар-кесте міндетті түрде тапсырыс берушімен келісіледі.

5.2.2 Авторлық қадағалау жоспар-кестесі нысан құрылысының ұзақтығын ескере отырып құрастырылады. Құрылыс ұзақтығы бір жылдан асқан жағдайда жоспар-кесте әр ағымдағы жылға құрылады. Құрылыстың нақты ахуалына негізделіп, тапсырыс берушімен келісілген жағдайда, бас жобалаушы (жобалаушы) ағымдағы жылдағы жоспар-кестесіне негізделген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5.2.3 Бас жобалаушы (жобалаушы) авторлық қадағалау жұмыстарының көлемін анықтауға және жоспар-кестесін құруға қосалқы жобалаушылар тартылады: олар кейін нысандағы авторлық қадағалауды ұйымдастырып өткізуге атсалысады.

5.2.4 Авторлық қадағалауды ұйымдастырып, жүргізу үшін, авторлық қадағалау құрамына енетін сметалық құны мен келісілген жұмыс бағасы белгіленеді.

5.2.5 Авторлық қадағалауды жүргізу бойынша сметалық құнын жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде нысан құрылысының базистік құнынан пайыздық көрсеткіште қабылданатын қаражат жиынтығы есебінде бас жобалаушымен (жобалаушымен) белгіленеді. Сонымен бірге нысанның базистік құны, нысанның жиынтық сметалық есебінің 1-9 тарауларында келтірілген шығындар сомасы болып анықталады [6,7].

Авторлық қадағалау жұмыстарының құрылысының базалық құнынан пайыздық мөлшердегі сметалық құны Б қосымшасы бойынша қабылданады.

5.2.6 Авторлық қадағалау бойынша жұмыстардың келісімдік бағасы келісімде (авторлық қадағалау жүргізу туралы) көрсетіледі де нысан құрылысына дейін (келісімді дайындау кезеңінде) бас жобалаушымен белгіленеді. Келісімдік баға авторлық қадағалауды жүргізуге жоспарлы шығындар сметасын ескере отырып белгіленеді. Сонымен бірге шығындар сметасы мыналарды ескере отырып құрастырылады [6]:

- авторлық қадағалау тобының еңбекақысын және өзге тікелей шығындар;
- авторлық қадағалау мүшелерінің іссапар шығындарын;
- үстеме шығыстар;
- салықтар мен міндетті төлемдер;
- бас жобалаушының (жобалаушының) кірісі.

Шығындар сметасы аталған факторларды ескере отырып, авторлық қадағалауды жүргізуге жұмсалатын шығындар сметасы қосалқы жобалаушыларды қатыстыра отырып бас жобалаушы (жобалаушы) жұмыс жобасын әзірлеген кезде құрастырылады.

5.2.7 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, ғимараттар мен имараттар құрылысын авторлық қадағалау бойынша келісімдік бағасы 5.2.5-т. ережелерге сәйкес белгіленетін сметалық бағадан аспайтындай қабылданады.

Өзге қаражат көздерінен қаржыландырылатын нысандар үшін, жеткілікті дәлелденген жағдайда, авторлық қадағалауды жүргізу бойынша келісімдік бағаны тапсырыс берушінің қаржы есебінен онымен алдын-ала келісілген жағдайда көбейтуге рұқсат етіледі. Сонымен бірге келісімдік бағаның қабылданған көбеюі авторлық қадағалауды жүргізуге қолданыстағы келісімге қоса жасалатын қосымша келісімде белгіленеді.

5.2.8 Тапсырыс берушінің бас жобалаушыға, сонымен бірге 5.1.5-т. берілген авторлық қадағалау жұмыстарының басқа атқарушысымен аралық және қорытынды есеп айырысулары авторлық қадағалауды жүргізуге жасалған келісімдердің негізіне сәйкес орындалады.

5.2.9 Авторлық қадағалауды жүргізу бойынша жұмыстарға ақы төлеуді жұмыс атқарушылар ұсынған орындалған жұмыстар актілерінің негізінде тапсырыс беруші жүзеге асырады. Көбіне, орындалған жұмыстарға актілерді тапсырудың келесі тәртібі қабылданады:

- жергілікті нысандар үшін – тоқсанына бір рет (авторлық қадағалау өкілдерінің нысанға бару санын ескере отырып);
- шет қалалық нысандар үшін және шет елде орналасқан нысандар үшін (авторлық қадағалау өкілдерінің нысанға әр барып қайтқан соң);

Авторлық қадағалау нысанда авторлық қадағалау өкілдерінің үнемі тұрақтаған жағдайда, орындалған жұмыстар актілері тапсырыс берушіге ай сайын тапсырылады.

Авторлық қадағалауды жүргізу бойынша вахта әдісін қолданған кезде, орындалған жұмыстар актілері әрбір вахта аяқталған соң, тапсырылады.

5.3 Авторлық қадағалау тобы, оның қызметі мен құжаттамалық қамтамасыз етілуі

5.3.1 Авторлық қадағалау бойынша жұмыстар авторлық қадағалау тобымен жүзеге асырылады, ол бас жобалаушы (жобалаушы) өкілдерінен ғана құрылып, біртекті болуы мүмкін және жобаны әзірлеуге қатысқан бірнеше ұйым мен жеке тұлғалар өкілдерінен құралған кешенді болуып құрылуы мүмкін. Авторлық қадағалаудың кешенді тобының құрамына мыналар кіреді:

- а) жобаның авторлары болып саналатын жобалардың бас инженерлері (бас сәулетші, бас конструктор);
- б) жобалауға тікелей қатысқан бас мамандар, жобалау топтарының жетекшілері және басқа мамандар;
- в) іздену және мамандандырылған жобалау ұйымдарының (қосалқы жобалаушылардың) өкілдері немесе тиісті куәліктері бар сарапшылар;
- г) бас мердігердің (мердігер) жобалау тобының мамандары.

5.3.2 Авторлық топ жетекшісі мен нақты құрамын бас жобалаушы жобаға тапсырыс берушімен алдын-ала келістіре отырып, және тиісті өкімдік құжат шығара отырып бекітеді. Аталған құжаттың көшірмесі жобаның тапсырушысына тапсырылады. Тапсырыс беруші қабылданған шешімі жөнінде бас мердігерді және мемлекеттік сәулеттік-құрылыстық инспекцияны хабардар етеді.

5.3.3 «в» және «г» тармақшаларында аталған (сарапшылардан бөлек) мамандар тиісті ұйымдардың өкімдік құжаттарына сәйкес авторлық қадағалау тобының құрамына енгізіледі, көшірмелері бас жобалаушыға (жобалаушыға) тапсырылады.

5.3.4 Бас жобалаушы (жобалаушы) авторлық қадағалау тобының мүшелерімен тексерілуге, қадағалануға және қабылдануға тиіс жұмыс көлемінің, құрамының және түрлерінің негізінде авторлық қадағалау тобын қалыптастырады.

5.3.5 Авторлық қадағалау тобының жетекшісі болып бас жобалаушының (жобалаушының) өкілі тағайындалады, ол әр алуан ұйымдарға тәуелділігіне қарамастан аталған топ құрамына кіретін барлық мамандардың қызметін басқарады және үйлестіреді.

5.3.6 Бас жобалаушы (жобалаушы), қосалқы жобалаушы, сонымен бірге авторлық қадағалау тобының жетекшісі мен мүшелері осы басшылық құжаттың 5.5-т. ережелерімен қарастырылған құқықтар мен міндеттер шеңберінде өз қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады.

5.3.7 Авторлық қадағалау мүшелері өз қызметін топ жетекшісінің тапсырмасына сәйкес үнемі нысанға барып тұру арқылы жүзеге асырады. Сонымен бірге жұмыстардың кезеңдері және олардың мерзімдері авторлық қадағалау жұмыстарын жүргізу бойынша жоспар-кестеге сәйкес орындалады.

Авторлық қадағалау жұмыстарын арнайы шақырулар бойынша жоспар-кестеден тыс атқаруға рұқсат етіледі. Сонымен қатар осындай қажеттілік келісімде (қосалқы келісімде) қарастырылған және келісімге (қосалқы келісімге) қосымша келісіммен рәсімделеді.

5.3.8 Тапсырыс берушімен жеткілікті дәлелденгенде авторлық қадағалау бойынша жұмыстар авторлық қадағалау тобы мүшелерінің құрылыс нысанында тұрақты қатысуымен жүзеге асырылуы арқылы өткізілуі мүмкін. Шет қалалық және шет елдік нысандар үшін авторлық қадағалау тобы жұмысының вахталық әдісін пайдалануға рұқсат беріледі. Осындай қызмет түрін қабылдаған жағдайда, оны орындау шарттары келісімде (қосалқы келісімде) көрсетіледі немесе келісімге (қосалқы келісімде) қосымша келісім жасаумен рәсімделеді.

5.3.9 Құрылыс нысанында жұмыс орындау барысында авторлық қадағалау тобының өз қызметінде өзінің құқықтары мен міндеттерінің сапалы және уақытылы жүзеге асырылуына қажетті құжаттардың барлығын пайдалану мүмкіндігі бар. Сонымен бірге В қосымшасында тізбесі бар негізгі құжаттардың бірқатары оның құрамына кіру керек.

5.3.10 Құрылыс нысанындағы авторлық қадағалау тобының жұмысының нәтижелері авторлық қадағалау журналына енгізіледі, оны дайындау және жүргізу ережелері 5.4-т. берілген.

5.3.11 Жұмыстарды сапалы және уақытылы орындау үшін авторлық қадағалау тобы құрылыс нысанында жұмыс атқару кезеңінде қажет болған жағдайда мыналармен қамтамасыз етіледі:

- қызметтік бөлме;
- көлікпен (қажет болса);
- тұрғын бөлме (вахталық жұмыс әдісі кезінде);
- инвентарьмен және аспаптармен;
- жеке қорғаныс құралдарымен;
- байланыс құралдарымен, компьютер техникасымен және б.,

Сонымен бірге авторлық қадағалау тобына жоғарыда аталған мүлікті уақытша пайдалануға беру шарттары келісімде (қосалқы келісімде) көрсетілу керек.

5.4 Авторлық қадағалау журналы және оны жүргізу тәртібі

5.4.1 Авторлық қадағалау журналы екі данада жүргізіледі (В қосымшасы). Құрылыс нысанына бір авторлық қадағалау журналы арналады. Егер құрылыс нысанының құрамына бөлек тұрған ғимараттар мен имараттар, немесе іске қосу кешендері, кезектер кірсе, онда нысан құрамына кіретін әр жеке тұрған ғимарат пен имаратқа жеке журнал арнауға рұқсат етіледі.

5.4.2 Жұмысқа журналдарды бас жобалаушы (жобалаушы) дайындайды. Бірінші данасы тапсырыс берушіге авторлық қадағалау бойынша жоспар-кестеде берілген мерзім ішінде тапсырылады. Екінші данасы авторлық қадағалау тобының жетекшісінде болады, ол оның сақталуын және уақытылы толтырылуын қамтамасыз етеді.

5.4.3 Журнал беттері номерлену керек. Журналдар міндетті түрде баулықтап тігілу керек, бас жобалаушының және жобаға тапсырыс берушінің басшылары қол қойып бекіту керек.

5.4.4 тапсырыс берушідегі журналдың бірінші данасы нысан құрылысының аяғына дейін, уақытша жұмысқа пайдалану үшін, бас мердігерге (мердігерге) табысталады. Бас мердігер (мердігер) журналдың сақталуына және уақытылы толтырылуына жауап береді.

Ол үшін тиісті өкімдік құжат шығару арқылы өзінің бір өкіліне бұл міндеттерді жүктейді.

5.4.5 Авторлық қадағалау журналына Г қосымшасындағы 5-нысанда ескерілген ақпарат енгізіледі.

Журналға:

- құрылыс нысанының атауы, мекен-жайы және толық сметалық құны, тапсырыс беруші мен бас жобалаушының атаулары мен мекен-жайлары, және журналдың басталу және аяқталу күндері (1-нысан);

- бас мердігердің және қосалқы мердігерлердің атауы мен мекен-жайы, және қосалқы мердігерлер атқаратын жұмыс түрлері (2-нысан);

- авторлық қадағалау тобының мүшелері туралы мәліметтер (3-нысан);

- авторлық қадағалау тобының келу және қайтып кету күндері (4-нысан);

- нысанда жұмыс атқару барысында жобадан ауытқу және ҚР мемлекеттік нормативтерінің талаптарын (сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы) бұзу туралы мәліметтер, оларды жою жөніндегі нұсқаулар, сол нұсқауларды орындау туралы белгілер (5-нысан) енгізіледі.

5.4.6 5.4.5-т. берілген ауытқулар мен бұзуларды және оларды жою жөніндегі нұсқауларды авторлық қадағалау тобының мүшелері құрылыс нысанына әр келген сайын журналға енгізеді. Барлық жазулар нақты жобалық шешімдерге, нормаларға, ережелерге, стандарттарға, техникалық регламенттерге және б. сілтемелері бар, бір мағыналы және анық болу керек. Жазбаларды карандашпен, және жайылып кететін түрлі түсті пасталармен және сиялармен жазуға тыйым салынады. Жобадан ауытқулар болмаған жағдайда, «ауытқулар жоқ» деп жазылады, ал бұзушылық болмаса- «бұзушылық жоқ» деп жазылады.

5.4.7 5.4.5-т. берілген ауытқулар және бұзулармен таныстыру туралы жазба және оларды жою туралы нұсқауларды орындау жөніндегі белгіні журналға бас мердігер (қосалқы мердігер) өкілдері жойылған күнін көрсете отырып жазады. Сонымен бірге ауытқулар мен бұзулардың жойылғандығы тапсырыс берушімен және осы ауытқуларды анықтаған авторлық қадағалау тобының мүшесімен техникалық тексеру, өлшеу немесе сынақтар нәтижелерін тексеру немесе өзге растайтын құжаттар арқылы расталады.

5.4.8 Авторлық қадағалау журналына енгізілген ауытқулар мен бұзуларды жою туралы нұсқаулар осы ауытқулар мен бұзуларға жол берген бас мердігер (мердігер) және қосалқы мердігер өкілдері үшін орындауға міндетті болып табылады. Сонымен қатар нұсқауларды сапалы және уақытылы орындау жауапкершілігі осы ұйымдардың басшыларына жүктеледі.

5.4.9 Авторлық қадағалау журналына енгізілген ауытқулар мен бұзуларды сапалы және уақытылы орындамаған жағдайда, авторлық қадағалау тобының мүшесі журналға ауытқулар мен бұзуларды жою жөніндегі нұсқауды қайталап жазады. Сонымен бірге ықпал ету шараларын қабылдау үшін, ол тапсырыс беруші басшылығын және ҚР мемлекеттік сәулеттік-құрылыстық қадағалау органдарын жазбаша түрде анықталған фактілер туралы хабардар етеді.

5.4.10 5.4.5-5.5.4.9-тт. берілген ережелер авторлық қадағалау журналдарының екі данасын да рәсімдеуге қолдануға міндетті болып табылады. Сонымен бірге, бас

мердігерде (мердігерде) уақытша пайдаланудағы журнал, еш кедергісіз мына тұлғаларға берілу керек:

- тиісті жазуларды енгізіп, қол қойып, мөр басу үшін авторлық қадағалау тобының жетекшісіне және мүшелеріне;

- жазуларды тексеру үшін және ондағы шараларды орындауды қадағалау үшін мемлекеттік сәулеттік-құрылыстық инспекция өкілдеріне.

5.4.11 Нысанды пайдалануға қабылдаған соң, қажетті лауазымдық тұлғалардың қолтаңбалары қойылып, тиісті ұйымдардың мөрлері басылып, авторлық қадағалау журналының екі данасы сақтауға тапсырылады:

- бірінші данасын бас мердігер (мердігер) – нысанды пайдаланушы заңды немес жеке тұлғаға;

- екінші данасын авторлық қадағалау тобының жетекшісі – бас жобалаушының (жобалаушы) басшысына.

Авторлық қадағалау журналын сақтау мерзімі нысанды пайдалану мерзімінен кем болмау керек.

5.5 Бас жобалаушының (жобалаушының), қосалқы жобалаушының және авторлық қадағалау тобының құқықтары мен жауапкершілігі

5.5.1 Құрылыс нысанына авторлық қадағалауды жүзеге асыратын бас жобалаушының (жобалаушының) және қосалқы жобалаушының басшылары мыналарға жауапты болады:

- осы басшылық құжаттағы ережелермен және авторлық қадағалау келісімдерімен (қосымша келісімшарттармен және келісімдермен) өздеріне жүктелген міндеттерді сапалы және уақытылы атқаруға;

- авторлық қадағалауды жүзеге асыру барысында қабылданған шешімдер бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы уақытылы және сапалы әзірлеу;

- сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қолданыстағы мемлекеттік нормативтердің ережелеріне сәйкес құрылыс барысында жобалық-сметалық құжаттамаға уақытылы өзгерістерді енгізу.

5.5.2 Авторлық қадағалауды бас жобалаушы (жобалаушы) және қосалқы жобалаушы жүргізген жағдайда бас жобалаушыдан (жобалаушы) және қосалқы жобалаушыдан атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы үшін және олардың жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестігі үшін жауапкершіліктен босатпайды.

5.5.3 Авторлық қадағалау тобының жетекшісі мен мүшелерінің құқықтары:

- а) ғимараттар мен имараттар құрылысы бойынша атқарылған жұмыстардың көлемінің, құрамының, өндіру технологияларының және сапасының сәйкестігін тексеру, соның ішінде технологиялық жабдықтарды жинақтау бойынша, жобалық шешімдер бойынша жұмыстардың сәйкестігін тексеру;

- б) құрылыс барысында жобалық-сметалық құжаттама бойынша туындаған мәселелерді уақытылы шешу, қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіп бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

в) жекелеген жауапты құралымдарды және ҚР ЕЖ 1.03-108 талаптарына сәйкес жасырын жұмыстардың негізгі түрлерін қабылдап алуға қатысу (тапсырыс берушінің техникалық қадағалаушысымен бірге);

г) құралымдардың, бөлшектердің, құрылыстық материалдардың және жабдықтардың мемлекеттік стандарттарға, техникалық жағдайларға және жобалық-сметалық құжаттамаға сертификаттардың (төлқұжаттардың) сәйкестігін тексеру;

д) мемлекеттік стандарттарға, техникалық жағдайларға және жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін құралымдардың, бөлшектердің, құрылыстық материалдардың және жабдықтардың қолданылуына тыйым салу;

ж) тапсырыс берушінің, бас мердігердің (мердігердің) және қосалқы мердігердің өкілдеріне жобалық-сметалық құжаттаманың және нормативтік құжаттардың талаптарын бұзып орындалатын жұмыстарды атқаруды тоқтатуға нұсқау беру.

5.5.4 5.5.3-т. д) жолында берілген нұсқауларды авторлық қадағалау тобының жетекшісі жазбаша рәсімдейді де, бас жобалаушының (жобалаушының) басшысы арқылы бас мердігердің (мердігер), қосалқы мердігердің және тапсырыс берушінің басшыларына тиісті шара қабылдау үшін тапсырылады.

5.5.5 5.5.3-т. ж-тармақшасында берілген нұсқауларды авторлық қадағалау тобының жетекшісі жазбаша ескерту түрінде рәсімдейді де, бас жобалаушының (жобалаушының) басшысы арқылы бас мердігердің (мердігер), қосалқы мердігердің және тапсырыс берушінің басшыларына, мемлекеттік сәулеттік-құрылыстық инспекцияға жіберіледі.

5.5.6 Авторлық қадағалау тобының жетекшісі және мүшелері:

- сәйкесінше 5.5.7 және 5.5.8-тт. берілген функцияларды сапалы және уақытылы орындауға;

- 5.3-т. ережелеріне сәйкес нысан құрылысына авторлық қадағалау журналын сапалы және уақытылы жүргізуге;

- авторлық қадағалауды жүргізу жоспар-кестесін уақытылы орындау және қатаң сақтауға;

- «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес құрылыс нысанының тиісті пайдалану сапасын және қауіпсіздігін, соның ішінде құралымдарының тиісті пайдалану сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты.

5.5.7 Авторлық қадағалау тобының жетекшісі келесі функцияларды атқарады:

- авторлық қадағалау тобының жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;

- авторлық қадағалау журналын рәсімдейді де актімен тапсырыс берушіге тапсырады;

- осы басшылық құжаттың рережелеріне сәйкес авторлық қадағалауды жүргізеді;

- авторлық қадағалау тобының мүшелерінен құрылысқа сапалы бақылау жүргізуді, сонымен бірге авторлық қадағалаудың орындалу мерзімдерін сақтауды талап етеді;

- топтың жекелеген мүшелері тарапынан авторлық қадағалау қанағаттанарлықсыз жүргізілген жағдайда, оларға әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдау туралы басшылыққа ұсыныс жасайды;

- бас жобалаушының (жобалаушының) өкілі ретінде нысанды пайдалануға қабылдауға қатысады да қабылдап алу комиссиясының актісіне қолын қояды;

- құрылыс нысанында атқарылып жатқан жұмыстар тоқтап қалған жағдайда, авторлық қадағалаудың тоқтатылғаны туралы бас жобалаушыны (жобалаушыны) уақытылы хабардар етеді;

- бас жобалаушыға (жобалаушыға) тапсырыс беруші қол қойған авторлық қадағалау бойынша орындалған жұмыстар актілерін тапсырады;

- барлық жасырын жұмыстардың актілерін уақытылы толтырып, қол қойылуын талап етеді;

5.5.8 Авторлық қадағалау тобының мүшелеріне келесі міндетті функцияларды атқару жүктеледі.

Авторлық қадағалау тобының мүшесі-сәулетші келесі функцияларды атқарады:

- ғимараттар мен имараттар осьтерін геодезиялық бөлшектеумен байланысты жұмыстардың дұрыстығын тексереді;

- арақабырғалардың, терезе және есік ойықтарының, инженерлік коммуникацияларға арналған қуыстардың, қасбеттік жазықтықтар бойынша кескіндемелердің дұрыстығын бағалайды;

- электржабдықтар, сантехника, автоматтандыру, күзету-өрт дабылдағыш, инженерлік желілер мен байланыс имараттары, дыбыс және кинотехникалық құрылғылар жөніндегі мамандармен бірлесе отырып пайдалану және эстетикалық талаптарды ескере отырып коммуникациялық тораптардың өзара байланысуын қамтамасыз етеді;

- инженерлік мақсаттағы орынжайларды дыбыстық оқшаулау бойынша жұмыстардың орындалуын қадағалайды;

- сәндік сылақ, бояу колерлері мен интерьер фрагменттері үлгілерінің сапалы жасалуын талап етеді;

- әрлеу, сәндік және көркемдік жұмыстардың сапалы орындалуын талап етеді;

- нысанның бас жоспарына сәйкес абаттандыру бойынша жұмыстардың сапалы және дұрыс орындалуын бақылайды;

- ғимараттар мен имараттарды пайдалануға қабылдау комиссиясының жұмысына қатысады.

Авторлық қадағалау тобының мүшесі- конструктор келесі функцияларды атқарады:

- инженерлік ізденістер деректеріне құрылыс алаңының топырақтарының нақты сәйкестігін анықтауға арналған куәландыруға және қазаншұңқырды қабылдауға қатысады;

- іргетастардың орнатылу тереңдігін, олардың орналасуын, ойықтар мен қуыстардың орналасуын, гидрооқшаулаудың орындалуын, сонымен қатар қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сапасын және олардың жобаға сәйкестігін қадағалайды;

- сынақтар нәтижелері бойынша іргетастар сызбаларын уақытылы тиісті түзетулерді жасай отырып, қадалардың далалық динамикалық және статикалық бақылау сынақтарына қатысады;

- ғимараттардың көтергіш құралымдарының және имараттардың жекелеген құралымдық элементтерінің, сонымен бірге құралым элементтерінің түйісу бөлшектерінің (қаңқаның, аражабынның, қоршау құралымдарының, шатырдың, деформациялық жіктердің, гидрооқшаулаудың, жылуоқшаулаудың, дыбысоқшаулаудың және т.б.) жобаның талаптарына сай орындалуын қадағалайды;

- инструменталды тексерудің өткізілуін және жинақталған құралымдардың атқарушы сұлбаларының көрсетілуін талап етеді;

- мердігерден және тапсырыс берушіден барлық жобалық шешімдердің орындалуын, соның ішінде ғылым мен техника жетістіктерінің ендірілуін қадағалайды және талап етеді;

- сапасыз құрылысы салынған жағдайда, сапасыз материалдарды қолданғанда немесе қолданыстағы құрылыстық нормалар мен ережелерде берілген шекті рұқсат етілген мөлшерлерден асырып жобадан ауытқығанда, ғимараттар мен имараттардың көтергіш және қоршау құралымдарының беріктігін және төзімділігін қамтамасыз ету жөніндегі техникалық шешімдерді береді;

